Доссор кенті бойынша қоғамдастық жиналысының
№ 7 хаттамасы

Доссор кенті әкімдігі
Мәжіліс залы

27.03.2025 жыл
сағат: 10:00

Қатысқандар: жергілікті қоғамдастық төрағасы – Ғ.Габдуллин
жергілікті қоғамдастық кеңесінің мүшелері, тұрғындар (тізім бойынша).

Күн тәртібінде:
Ұлы Жеңіске 80 жыл толуына орай, Ғ.Сүлейменова көшесіндегі «Ұлы Жеңіске 50 жыл (1945 - 1995 ж.ж.)» монументалдық ескерткішке жәй жөндеу және кенттегі басқа да маңызды көгалдандыру, тазалық жұмыстарын ұйымдастыру туралы.

Жиналысты кент әкімі А.Космагамбетов ашып, қоғамдастық жиынға қатысушылар арасынан жиналыс төрағасы мен хатшы сайлану қажет екендігін түсіндірді. Жергілікті қоғамдастық жиналысының мүшелерінің ұсыныс-пікірлері тыңдалып, жиналыс төрағасы **Бисенов Кадиргали Байгариевич**, хатшы болып **Куншыгаров Жумажан Темиргалиевич** сайланды. Жиналыстың төрағасы мен хатшысын сайлауда дауыс берушілердің «Қолдағандары»- 100%, «Қарсы», «Қалыс»- болған жоқ.

Сөз кезегі жиналыс төрағасы К.Бисеновке берілді.

Жиналыс төрағасы күн тәртібіндегі мәселе бойынша регламентке сәйкес, сөз сөйлеушілерге 5 минуттан, жарыссөзге 3 минуттан уақыт белгіленгендігін мәлімдеді.

Жиналыс төрағасы жиналысқа қатысушылардан күн тәртібіндегі мәселе бойынша ұсыныс- пікірлерін сұрады.

К.Бисенов: Баршамызға белгілі осы жылы 9-мамырда Ұлы Отан соғысынан жеңіске жеткенімізге 80 жыл толады. Ауданымыз бойынша Отан үшін қан төгіп соғыстан қайтпағандары, жеңіспен елге оралған аталарамыздың ерлігі ұмытылмауы керек. Кент әкімдігінің ғимаратының жанында орналасқан «Ұлы Жеңіске 50 жыл (1945-1995 ж.ж.)» монументалдық ескерткіштің мемориалдық тақтасында Ұлы Отан соғысынан оралмағандар, қаза тапқандар тізімінің тұсында бос орын бар. Сол жерге елге жеңіспен оралып, елімізге еңбек етіп, қайтыс болған соғыс ардагерлерді тізімге қосқанымыз жөн. Аталарымыздың Ұлы Отан соғысындағы ерлігі, соғыстан кейінгі ерен еңбектері ұмытылмау қажет. Мен кенттің ақсақалдарымен ақылдасып, сұрастырып, елге оралып, қайтыс болған 138 ардагердің тізімін жасап қойдым.Осы ардагерлерімізге көрсеткен құрметіміз ретінде мемориалдық тақтайшаға енгізуді ұсынамын.

Г.Габдуллин: Биыл Ұлы Жеңіске 80 жыл толу ерекше мереке, сондықтан бұл күнге ерекше мән беріліп, жоғары деңгейде аталғаны дұрыс. Мәдени шаралар ұйымдастырылуы қажет. Кентімізде Ұлы Отан соғысының ардагерлері қалмағанымен олардың ұрпақтары, тылда еңбек еткен батыр аталарымыз бен аналарымыз бар. «Ұлы Жеңіске 50 жыл (1945-1995 ж.ж.)» монументалдық ескерткіштегі мемориалдық тақтасына қосымша соғыс ардагерлерінің тізімін енгізуді мен қолдаймын. Бұл бастаманың барлығы ұрпақтарымызға тигізетін тәрбиелік маңызы бар. Кенттегі Ұлы Отан соғысы зардабынан қаза тапқан ардагерлерімізді жыл сайын 9-мамырда еске алатын жалғыз ескерткіштің қазіргі жағдайы

сын көтермей тұр. Бюджеттен қаражат қарастырып, осы ескерткішке жөндеу жұмыстарын жасау қажеттігін ұсынамын.

А.Космагамбетов: Айтылған ұсыныстарыңыз, пікірлеріңіз орынды. Биыл Ұлы Жеңіске 80-жыл толу мерекесі ерекше тойлануы қажет. «Ұлы Жеңіске 50 жыл (1945-1995 ж.ж.)» монументалдық ескерткішке И.Акдрашев деген кәсіпкер 2017 жылы демеушілікпен күрделі жөндеу, жаңарту жұмыстарын жүргізген екен. Қазіргі таңда бұл ескерткіш жәй жөндеуді қажет етіп тұр.

А.Идиятов: Ұлы Жеңістің 80 жыл толуына орай айтылған ұсыныстарыңызды қолдаймын. Менің айтатын ұсынысым кенттің көгалдандыруы. Наурыз аяқталып қалды, көшедегі егілген көшеттерімізді күтіп ұстау, әрбір талдың шұңқырын қоқыстан, бұрын түскен қураған жапырақтар мен бұтақтардан тазарту, түптеріндегі топырақты қопсыту, талдардың діңгектері әктеу жұмыстарын бастау қажет қой. Өздеріңізге белгілі срңғы жылдары кентімізде бой түзеп, көшелер жас желекпен оранып, көшелердің сәнін келтіруде. Осы талдарды күтіп ұстауды қарқынды жалғастыру керек. Осы жұмыстарға бюджеттен қаражат қарастыру керек қой. Кентіміздің көгалдануы халқымыздың денсаулығына, салауатты өмір салтын ұстануына жағымды әсерін тигізеді. Кентіміз сорлы аймақ, жазда ыстық, қапырық ауаны жақсартуға осы жасыл желектердің көп септігі тиеді.

Б.Тулеуов: Айтылған «Ұлы Жеңіске 50 жыл (1945-1995 ж.ж.)» монументалдық ескерткішке жөндеу жұмыстарын жасауды, кент көшелеріндегі бұрын егілген талдарға күту жұмыстарын бастау қажеттігін мен қолдаймын. Уақыт күттірмейтін жұмыстарды қолға алып, бастай беру керек қой. Порталға беріледі деп жүргенде сәуір айы да өтеді. Сонда бұл жұмыстар қашан жасалады ? 2024 жылы кенттегі тротуарларды тазарту, сыпыру жұмыстары жүргізілді, ал сол жұмыстар қашан басталады? Қыстан аман-есен шықтық, бірақ ана тұрғындардың жүретін тротуарлары балшықтан көрінбей тұр. Жел күндері ол балшық ұшып, адамға демалуға мүмкіндік жоқ. Президентіміз биыл жалпыұлттық «Таза Қазақстан» акциясын 2029 жылға дейін ұзартты. Сол себепті тазалық жұмыстарын уақыт созбай шұғыл қолға алу қажет қой.Осы тротуарларды тазарту, көп қабатты үйлердің аулаларын тазарту бойынша айтылған ұсынысымды да қаперге алыңыздар.

Г.Габдуллин: Осы жиындағы айтылған барлық пікірлеріңізбен келісемін. Жергілікті бюджеттен осы айтылған жұмыстар бойынша қаражат қарастырылу керек. Бұл жұмыстар қазірден басталуы қажет қой, уақыт тығыз. «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына өзгерістер енгізілді, портал деп уақыт өткізбей, түзетілген жаңа заң тиімді пайдаланса, жаңа айтылған жұмыстар да қарқынды жүріп, қажетті уақытында жасалып, аяқталады- деп есептеймін.

Жиналысты қорыта келе, күн тәртібіндегі мәселе бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. «Ұлы Жеңіске 50 жыл (1945-1995 ж.ж.)» монументалдық ескерткішке жәй жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру үшін,
2. Кент көшелеріндегі егілген көшеттерімізді күтіп ұстау, жұмыстарын бастау үшін,
3. Доссор кентіндегі жаяу жүргінші тротуарларды тазарту, күтіп-ұстау үшін жұмыс істеуге рұқсат етілген құжаттары бар мердігер мекемемен бір көзден келісім-шарт жасақтауға келісім берілсін.

Жиналыс төрағасы: **К.Бисенов**

Жиналыс хатшысы: **Ж. Куншыгаров**

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
МАҚАТ АУДАНЫ
ДОССОР КЕНТІ
ӘКІМІ

АКИМ
ПОСЕЛКА ДОССОР
МАКАТСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

2025 жылғы 01 сәуір
Доссор кенті

№ 130-ө
поселок Доссор

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабында қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгілеген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве. ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

Тауарлар мен қызметтерді тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 3-тармағының 28-тармақшасы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 508 және 509 тармағына сәйкес:

1. Доссор кентіндегі жасыл желектерді суару, күтіп ұстау және жаяу жүргінші жолдарына қызмет көрсету қызметтерін 16-баптың 3-тармағының 28-тармақшасы бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылсын.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты мемлекеттік сатып алу жөніндегі маман Ерманова Бейбит Сериковна:

- Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 16-бабының 3-тармағының 28-тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;
- Өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдау қағидаттарының сақталуына дербес жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Кент әкімі **А.Космагамбетов**